



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 3 (102)

Астана
2023

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

СЫДЫҚОВ Айбек Жексеналыұлы	– PhD докторы (алқа төрағасы) (Қазақстан)
ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы	– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы	– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы	– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
ЖАБАҒИН Мақсат	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы	– PhD докторы (Қазақстан)
САБИТОВ Жаксылық	– PhD докторы (Қазақстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD докторы (Қазақстан)
ҚАРА Әбдуақап	– доктор, профессор (Түркия)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (АҚШ)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)
РАДИВОЖЕВИЧ Мильяна	– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Aibek Sydykov	– Doctor PhD (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– Deputy chairman of the editorial board, Doctor of historical sciences, professor, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– Doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

СЫДЫКОВ Айбек Жексеналыевич	– PhD доктор (председатель коллегии) (Казахстан)
ИБРАЕВА Акмарал Госмановна	– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы	– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы	– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы	– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)
ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
ЖАБАҒИН Мақсат	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы	– PhD доктор (Казахстан)
САБИТОВ Жаксылык	– PhD доктор (Казахстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD доктор (Казахстан)
ҚАРА Әбдуақап	- Доктор, профессор (Турция)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (США)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	- доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)
Радивожевич Мильяна	- PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Этнология / Ethnology / Этнология

Тоқтабай А.У. Қазақстан территориясындағы суландыру жүйелерінің пайда болуы және дамуы

Toktabay A.U. Emergence and development of systems of irrigation in the territory of Kazakhstan

Тоқтабай А.У. Возникновение и развитие систем орошения на территории Казахстана.....7

Елкей Н.Н. Ұлттық құндылықтарымызды сақтау - ұлттық бірегейліктің негізі

Yelkey N.N. Preservation of national values is the basis of national identity

Елкей Н.Н. Сохранение национальных ценностей - основа национальной идентичности.....19

Музейтану / Museology / Музееведение

Ибраева А.Г. Музей ісінің теориялық-әдіснамалық мәселелері

Ibrayeva A.G. Theoretical and methodological issues of the museum affairs

Ибраева А.Г. Теоретико-методологические проблемы музейного дела.....33

Археология / Archaeology / Археология

Ребекка С. Робертс. Археологиядағы микроорта қалдықтары: фитолиттер мен фекалді сферолиттер және оларды Қазақстанның археологиялық қабаттарындағы адам мен қоршаған ортаның әрекеттесуін зерттеуге қолдану

Rebecca C. Roberts. Micro-environmental remains in archaeology: phytoliths and faecal spherulites and their application for the study of human-environment interactions in archaeological sediments in Kazakhstan

Ребекка С. Робертс. Остатки микросреды в археологии: фитолиты и фекальные сферолиты и их применение для изучения взаимодействия человека и окружающей среды в археологических отложениях Казахстана.....48

Дәрменов Р.Т. Оңтүстік Қазақстан тұрғын үйлеріндегі халық сәулет өнерінің құрылыс материалдары мен конструктивтік әдістері

Darmenov R.T. Construction materials and constructive methods of folk architecture in the dwellings of South Kazakhstan

Дәрменов Р.Т. Строительные материалы и конструктивные приемы народной архитектуры в жилищах Южного Казахстана.....68

Қасенәлі А., Есен С., Мұсырманқұл П., Қызырхан М., Сералиев А. Ұялы қорымында 2023 жылы жасалған зерттеу жұмыстарының алғашқы нәтижелері

Kassenali A., Yessen S., Musyrmsnkul P., Kyzyrhan M., Seraliev A. The first results of research on the Uyaly necropolis in 2023

Касенали А., Есен С., Мусырманкул П., Кызырхан М., Сералиев А. Первые результаты исследований 2023 года на некрополе Уялы.....80

Трещёва С.П. Орталық Қазақстандағы металл өндірісінің тарихы

Trescheva S.P. The origins of big metal in Central Kazakhstan

Трещёва С.П. Истоки большого металла Центрального Казахстана.....92

Филология / Philology / Филология

Шауенова Г.Ә. Абай шәкірттерінің публицистикалық шығармашылығының жанрлық сипаты мен ерекшеліктері

Shaunova G.A. The genre nature and features of the publicistic work of Abay's disciples

Шауенова Г.А. Жанровые черты особенности публицистической деятельности учеников Абая.....106

Бектұрсын А.С. Халық ертегілеріндегі есімдерге филологиялық және этнографиялық талдау

Bektursyn A.S. Philological and ethnographic analysis of names in folk tales

Бектұрсын А.С. Филологический и этнографический анализ имен в народных сказках.....116

Біздің музей / History of our museum / История нашего музея

Ибраева Г.Б. С. Сейфуллин музейі: өткені мен бүгіні

Ibraeva G.B. S. Seifullin museum: past and present

Ибраева Г.Б. Музей С. Сейфуллина: прошлое и настоящее.....129

Рецензия / Review / Рецензия

Жайлыбай Д.Ж., Әшім Б.Ә. Далаева Т.Т., Султанғалиева Г.С. Визуальная антропология новой социальной истории Казахстана XIX – начала XX вв. (Алматы, ИД «Жібек жолы», 2022. 240 с.) монографиясына БУКРЕВЬЮ.....136

Филология / Philology / Филология

FTAMP 17.82.90

<https://doi.org/10.47500/2023.v15.i3.08>

Шәуенова Г.Ә.¹

¹Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Астана қ., Қазақстан

¹e-mail: gulzabira_72@mail.ru

АБАЙ ШӘКІРТТЕРІНІҢ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. XIX ғасырдағы қазақ жазба әдебиетінің тарихында «Абайдың әдеби мектебі» қазақ халқының мәдени-тарихи дамуының бір көрінісі болды. Абай мектебінен шыққан ақын шәкірттер қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетін жаңа биікке көтеруге үлес қосқан тұлғалар ретінде тарихта қалғаны мәлім. Осы негізде жазылған бұл ғылыми мақалада Абайдың айналасындағы шәкірттері турасында айтыла отырып, олардың еңбектері жайында сөз қозғалады. Ақын шәкірттерінің публицистикалық шығармалары зерделенеді. Абайдың тапсырмасымен, һәм қадағалауымен жазылған бірнеше қисса-дастандарға әдеби шолу жасалған. Абайдың талантты ақын шәкірттерінің бірі әнші, композитор, жырау, айтыскер Уәйіс Шондыбайұлының әдеби шығармашылығы мен өмір тарихы туралы да ақпарат берілген. У. Шондыбайұлының «Бір қыздың уақиғасы» дастанының идеялық мазмұны мен көркемдік сипатына әдеби талдау жасалынған. Сондай-ақ, Абай шәкірттерінің публицистикалық шығармашылығының жанрлық сипаты мен негізгі ерекшеліктері айқындалған. Зерттеуде М. Әуезовтың еңбектері және абайтанушы қазақ ғалымдарының ғылыми тұжырымдары зерттеу аясын кең тұрғыда қарастыруға негіз болды.

Кілт сөздер: ақын, шәкірт, қисса, Тотынама, Мың бір түн, хилап, ғазап, уағда.

Кіріспе

М. Әуезовтің 1934 жылы жарық көрген «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласында Абайдың дәл өз тұсындағы ақын шәкірттері төртеу деп, олардың екеуі өз балалары – Ақылбай мен Мағауия, қалған екеуі – Көкпай мен Шәкерім. «Осы төрт ақын – Абайдың

нағыз толық мағынадағы шәкірттері» деген (М. Әуезов, 1934).

Кейінірек «Абай шәкірттері туралы» атты мақаласында: «Абайдың көзі тірісінде оның айналасына жиналған талапкер, өнерлі жастардың саны көп болған. Бұлардың ішінде әншілер, композиторлар, халық фольклорын

жинаушылар, әнші-ақындар ғана емес, орыс мәдениетін білуге талпынған жай көзі ашық жастар аз емес еді», – деп, Абайдың айналасындағы бірнеше ақындардың атын атап өтеді. Олардың ішінде алдыңғы төрт ақыннан өзге Әсет Найманбайұлы (1867-1923), Мұқа Әділханұлы (1857-1927), Тайыр Жомартбаев (1884-1937), Тұрағұл Ибрагимов (1846-1934) туралы мағлұмат берген (Әуезов, 1950). Бұл тақырыпта өзінің шәкірті Қ. Мұхамедхановқа бағдар беріп, зерттеушінің еңбегі тек ел Тәуелсіздігін алған соң ғана жанғаны мәлім.

Абайтанушы М. Мырзахметов «М. Әуезов және абайтану проблемалары» атты монографиясында: «М. Әуезов Абай жолының тарихи-әлеуметтік тамырларын да ақын өмір сүрген кездегі қазақ елінің өмірінен, қоғамдық болмысынан тауып отырады. Оларды ғылыми тұрғыдан танып тарататын биограф зерттеуші енді Абаймен күнделікті өмірде қоян-қолтық араласып, тікелей қарым-қатыста болған нақтылы адамдар мен руларды, олар жасаған әлеуметтік орта мен билік атауларын, жер аттарын, рухани нәр алған көздерін де өзі ұстанған танымның тұрғысынан екшеп, талдай көрсететіні де мықты айғақты дәлелдерге ауысатынын көреміз» деген. М. Әуезовтің 1945 жылы Мәскеуде Л. Соболевтің редакциясымен «Советский писатель» (Фабрика детской книги Детгиза Наркомпроса РСФСР, Москва, Суцевский вал, 49) баспасынан орыс тілінде жарық көрген 391 беттен тұратын «Абай» романының 1 кітабының соңғы 381-391 беттерінде Абай (Ибрагим) Кунанбаев деп, түсініктеме берілген. М. Әуезов сондағы 385-386 беттерде: «Вокруг Абая группируются ученики-поэты, образованные и хорошо начитанные

люди: Кокпай, Муха, Акылбай, Какитай, младший сын Абая – Магавья. Все они, по примеру самого Абая, усиленно занимаются самообразованием, изучают русскую литературу, пишут поэмы – исторические, романтические и бытовые – на темы, разработанные и заданные Абаем», – дей келе, «А культурная среда учеников, последователей и почитателей Абая увеличивается с годами, его влияние проникает и в города. Поются, переписываются и заучиваются не только его собственные стихи, но и произведения его учеников» деген сөздері арқылы Хакім Абайдың аты аталған шәкірттерімен қоса өзге де шәкірттерінің бар екеніне және олардың ақындық әуселесінің деңгейі болғандығын ескерте кетеді (Ауэзов, 1945: 395).

«Алаш мұрасы» сериясынан Т. Жұртбайдың редакциясымен шыққан Қ. Мұхамедхановтың Көп томдық шығармалар жинағының 4 томына Абайдың талантты ақын шәкірттерінің бірі болып Уәйіс Шондыбайұлы кірген. Бұл жайында Қ. Мұхамедханов Уәйісті Мұхтар Әуезовтің білгендігін, әрі 1940 жылы Абайдың ақын шәкірттерін зерттеу ісін бастаған кезде Уәйіс ақынды зерттеп жазу керектігін ескерткендігін, алайда ақын шығармаларын жинауда мағлұматтардың аздығы, кейіннен табылған материалдардың нақты Уәйістікі екеніне көз жеткізу кезеңдері де біраз кешеуілдегенін айтты және жазды.

Уәйіс ақын әрі әнші, домбырашы, гармоншы, өзі де ән шығаратын композитор болған. Ол 1873 жылы бұрынғы Семей облысы қазіргі Шығыс Қазақстан облысына қарайтын Шұбартау ауданы, Баршатас ауылында (ескіше Дағанды болысы, 12-ауыл, Жылтыр деген жерде) дүниеге келген. Руы Керей. 1894 жылы Абайдың

шақыртуымен келіп, ақынға шәкірт болды. Уәйіс ұстазын бек құрмет тұтты. XX ғасырдың 16 жылдарындағы дүрбелең замандарда ұстазын еске алып мынадай өлең жазған:

...Айтса да ешкім ұқпады,
Өз сөзін оң деп құптады.
Не білімді орыс та,
Ақылына ықтады.
Аһ, дүние, осы күн,
Сондай біреу болар ма,
Ортамызда тұтқалы.
Айырып алар адам жоқ,
Аждаһа тұр жұтқалы...

(Әдебиет порталы. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/13705>)

Абайтанушы ғалым М. Мырзахметов Абайтану саласындағы ғылыми-зерттеу, ізденістердің өзегін Сана билігі арқылы танып білуге күш салу керектігін баса айтқан-ды (Әдебиет порталы. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/13705>). Өйткені, Сана билігінің басты парадигмалары Хакім Абайдың лепесінде – адам баласының рухани дүниесін ашатын саңылау – терең ой, сана, ақыл, қайрат, талап, рахым мен қанағат үйлесімінде. Міне, осыны қаперде ұстау барысында, Абай Құнанбайұлының ақын шәкірттері өз шығармаларында аталмыш Сана билігін бағыт-бағдар еткендігіне көзіміз жетеді.

Талқылау

Уәйіс ақынның «Бір қыздың уақиғасы» дастаны адамзат санасының ең биік шыңы адамгершілікті баяндайды. Шығарма 23 шумақтан, 101 жолдан тұрады. Соңғы 101 жолдан кейін «Қайсысы адал? Қайсысы кең? деген сауалмен аяқтайды. Айта кетуге тұрарлық тағы да бір мәселе, Уәйіс Шондыбайұлының жазғанынан өзге «Бір қыздың уақиғасы» қисса «Қисса қырық уәзір» дастанында жырланған

(Бабалар сөзі, 2004, Т. 8: 428).

Ол 2004 жылы «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Бабалар сөзі» атты жүз томдық кітаптың 8 томына енген. Кітаптың 87-92 беттерінде жырланған, 185 жолдан тұрады.

Бұл кітапта «Тотынама» мен «Мың бір түн» сюжеттерімен аралас бірнеше әңгімеден тұратын қиссалар легі жырланған. Шығыстық қисса-дастандарды зерттеуші ғалым А. Қыраубаева «Тотынаманың» негізгі ой-өзегі әйел мекерлігін сынап, адалдығын дәріптеуге арналған ғибратты әңгімелер жинақталған. Кей жерлерде, «Мың бір түнмен» бірігіп те кетеді, дейді (Қыраубаева, 2010: 260-261). Осы еңбекте қазақ қиссашы-дастаншылары «Тотынама» желісіне көптеген шығармалар жазғандығы, бірақ олардың бәрі әдебиетте түгенделіп, жүйелей талданбағандығын «Енді-енді ғана әңгіме бола бастады деуге болады» деп, ескертіп өткен.

Осындағы «Бір қыздың уақиғасының» мазмұны дәлел айтқан үш ағайындының сөзіне қарап қазы кімнің адал, кімнің кең, кімнің ұры екендігін дәлелдеп, әке өсиетінің тәрк болмауына үкім еткен. «Томға еніп отырған мәтін 1911 жылы Қазан қаласында араб әрпінде жарық көрген кітаптан еш түзетусіз әзірленіп, кирилл әрпінде оқырманға алғаш рет ұсынылып отыр», деген ескертпе бар. Бұл Каримовтер баспаханасынан 1911 жылы Ақылбек бин Сабал Турабаевтың кітап етіп шығартқан нұсқасынан алынған. «Бабалар сөзінің» 8 томына енген дастандарды айтушылар, жырлаушылар мен жинаушылар хақында берілген түсініктемеде ақын, жыршы, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Ақылбек Сабалұлы Турабаевтың (1880-1919) Абай ауылынан екендігі, анасы Хакім Абайға туыс адам

екендігі және Ақылбек Сабалұлының араб, парсы, түрік пен орыс тілдерін, шығыс әдебиетін жетік меңгергендігі жайында ақпарат тіркелген. Одан өзге Семей облысы, Абай ауданынан, Бердин Есентай (1894-1967) деген адамның көшірмесі де ұсынылған (Бабалар сөзі, 2004. Т. 8: 424). Бұдан, Абай елінде қисса-дастандардың, шығыс әдебиетінің таралуының және оны жырлаушылар мен жинақтаушылардың Хакім Абайдың ақын шәкірттері мен айналасындағылар екендігін байқаймыз.

Ақылбек Сабалұлы Турабаевтың «Қисса қырық уәзір» қиссасы жөнінде белгілі ғалым Алма Қыраубаева үндінің «Тотынамада» келтірілген сюжеттердің қазақарасында «Тотыныңтоқсантауы» деген атпен ертеден тарағандығын нақтылай отырып, бұл шығарма әуелде үнді-санскрит тілінде жазылып, XIII ғасырда Зийа ад-Дин Нахшаби деген кісінің парсы тіліне аударуы бойынша, парсы тіліндегі нұсқасы арқылы қазақ арасына жеткенін мәлімдейді. Ал Ақылбек Сабалұлы ұсынған вариантын А. Қыраубаева «Тотынаманың» «Мың бір түн» сюжеттерімен аралас бірігіп кеткен, ортақ әңгімелері көп», – деп, өз әдебиетіміздегі «Бақтиярдың қырық бұтағы» атты топтама қисса-дастандардың барлығын ескертіп, өз ойын Шайхызада мен «Ақылбек Сабалұлының «Қырық уәзірі» де осы бұтақтың бірі болуы керек», деп түйіндеген (Қыраубаева, 1997: 112). Ғалым, Шайхызада - «Қырық уәзірді» алғаш рет жинақтап, кітапқа айналдырып жазған автор – Шайхызада Ахмет Мысыриды таныстырып өтіп, Мысыридың бұл кітапты 1421-1451 жылдар аралығында жазғандығын, кейіннен 1868 жылы бұл кітапты Хайым Насыри деген адамның түрік тіліне аударып, Қазан қаласында бастырғандығын жазған. 1900 жылға

дейін бұл кітап 8 рет басылған екен. Біздің ойымызша, Хакім Абай осы нұсқа бойынша, Уәйіске енді бұл шығарманы көз көрмеген үнді, парсы халықтарының тұрмысынан бейхабар қазақтар үшін қазақы болмысқа сәйкес өзіндік қалыптасқан этникалық ғұрыптық элементтерге басымдық беріп жырлауға бағыт берген-ау деп шамалаймыз. Өйткені, «Қазақ қиссалары» деген кітаптағы Ақылбек Сабалұлының 1905 жылғы Қазан қаласында жарық көрген шағатай тіліндегі нұсқасы мен татарша ертегі нұсқасы Абай Құнанбайұлы дүниеден өткен соң шыққан. А. Қыраубаева Ақылбек Турабаевтың нұсқасындағы «Қырық уәзір» қиссасын «Қазақ қиссалары» деген атпен 1986 жылы Бейжіңдегі Ұлттар баспасынан шыққан кітаптардың 5-томынан оқып шыққандығын тілге тиек етіп: «Ақынның «Қырық уәзір» сынды туындысын біршама сәтті жырлағанына қарап, әдебиетіміздің тарихында өзіндік орын алуға тиісті. Арнайы зерттеуді талап ететін көрнекті тұлға екендігіне күмән келтірмейміз», – деген-ді (Қыраубаева, 1997: 294-295). Алайда, зерттеуші бұл еңбегінде «Қырық уәзірдің» жинақтаушыларын түгелдей саралағанымен, Уәйіс ақын турасында тіс жармайды. Оның себебі, Қ. Мұхаметхановтың «Абайдың ақын шәкірттері» еңбегінің қудалауға түсіп, «жабулы қазан жабуымен» қалып, бұндағы ақын шәкірттерінің ұстаздың тапсырмасымен һәм қадағалауымен жазылған бірнеше қисса-дастандардың тек 1995 жылдан кейін ғана жарыққа шығуы. Оның үстіне әлі күнге дейін Абайдың ақын шәкірттерінің қисса-дастандарының жүйелі түрде зерттелмеуі. Біздің қосарымыз, А. Қыраубаеваның «Ақынның (Ақылбек Сабалұлын айтып отыр) «Қырық

уәзір» сынды туындысын біршама сәтті жырлағандығына қарап, әдебиетіміздің тарихында өзіндік орын алуға тиісті, арнайы зерттеуді қажет ететін көрнекті тұлға екендігіне күмән келтірмейміз», – деп жоғары баға беруін қаперге ала отырып, қазақ публицистикасындағы қисса жанрын зерттеу барысында бір шеті Хакім Абайдың шәкірті Уәйіс Шондыбайұлының «Қырық уәзір» қиссасынан алынған «Бір қыздың уақиғасы» нұсқасынан іздеуге бағдарлағанымызды ескерту. Уәйіс Шондыбайұлы «Бір қыздың уақиғасында» персонаждарды қазақ психологиясының парадигмаларына сәйкестендіріп, этникалық характердің басты белгілері әділдік, обал мен сауапты, қазақ қызының уағдаға беріктігі мен ар тазалығын басты ұстанымға алғандығына мән береміз. Бұл орайда біз М. Әуезовтің «...Дін өлеңдерін, қиссаларды алсақ, көбінің сарыны шеттікі болудан басқа, мазмұндары да түгелімен мұсылман ғаламынан келген көшпелі, қыдырма әңгімелер. Сондықтан оларды тексеріп, ұғынып түсіну үшін, жалғыз ғана қазақ топырағындағы көлеңкесіне қарап тон пішу керек емес, әрқайсысын тудырған жағдай мен себепті әуелі шыққан ұясынан бастап ұғыну керек», – деген сөзіне жүгіне отырып, «сол көшпелі, қыдырма» әңгімелердің қазақ топырағындағы көлеңкесі фанатизмге, қиялға ауысып кетпес үшін кемел ақылмен сарапталып, бағдар берген Абай мектебінің қаншалықты маңызды екендігіне шек келтірмейміз. Әрине, А. Қыраубаеваның «Қисса-дастандар суреттеу тәсілдері, көркемдік құралдары және құрылымы жағынан ерекшеленеді. Тұрақты желілері мен қалыптары бар. Қазақ қисса-дастандары XIX-XX ғасыр басында қалыптаса келіп, поэма, повесть, роман жанрының тууына негіз болғанын

көреміз. Абай поэмалары: «Ескендір», «Масғұт», «Өзім әңгімесі», Мағауия Абайұлының «Медғат-Қасымында» қиссаның кейбір ерекшеліктері сақталған, – дегеніне ешбір алып-қосарымыз жоқ. Десек те, ғақли оймен қарасақ, алдыңғы келтірілген Абай шығарған поэмалар негізінен қазақ дүниетанымына лайықталып жазылған шығармалар. Абайдан тәлім алған ақын шәкірттер де осы бағытты ұстанған. Уәйіс қазақ фольклорындағы қызға тән мінез-құлықты, қыз намысын жоғары қоюы, өзін бағалай білу элементтерін мынадай сөздермен қысқа-да нұсқа жеткізеді:

«Кетерлік нокта емеспін, ат басында»
(жансыз зат емес, адам баласы екендігі);

«Құдай қосқан адамымсың,
Тар жерде ғазап тартсам
қарармысың?» (шарт қою амалы);

«Алланың атын айтып уәде еткен»
(имандылығы);

«Уағдам хилап болса не қыламын».

Осындай адал жанның болашақтағы күйеуі мен уағдаласқан жігітті, тіпті қызға жолшыбай кездесіп, тонамақ болған ұрыны да сөз түсінерлік, сенім арта білетін, обал-сауапқа залал келтірмейтін иманы толыққан азаматтар ретінде таныстырады. Күйеу жігіттің:

«Уағда құдай аты, қиын болар,
Күнінде таңда-машқар болса жиын»
(Алладан қорқу, ахирет күніне сенуі);

«Сен кімге обалыңды артар едің,
Жек көрсең мұны маған айтар ма
едің» (Үміттену),

«Кеңшілік ұры құрлы бермеген соң,
Оңдырмас қайда барсам мені құдай»,

(өзіне сын көзбен қарау, құдайға жағу амалы) – деген жолдардан образдардың характерлері ашылып тұр. Ал Уәйістің кредосын иманнан табамыз. Оқиганы баяндай келе, автор «Алланың жардамы көп көңілі аққа», «Иманнан үмітің бар мұсылмансың», «Алланың көз жетпейді әміріне, Қарашы тілеуінің қабылына», «Өтірік өнімі жоқ жібермейді, Болады шын сөйлесе әркім шешен», – деп ой сала отырып, түйінін оқырманға сауал ретінде жолдайды. Бұл да бір Абай мектебінің өзіндік стилі, өйткені Хакімнің адамның мінезі туралы айтқан сөзінде, мінезді түзеуге болатындығын, мінезді түзеуге болмайды деп айтқан адамның тілін кесер едім деген ұстаным көзін тірек етіп алды деп бағамдасақ, шәкірті де адам баласының берер жауабына сәйкес, әркімнің деңгейін тануға болатынына философиялық ой тастаумен қайырған.

Қиссаның шығу тарихына себеп болған шығыс елдеріндегі бір патшаның жас тоқалы патшаның бәйбішеден туған келбетті де көркем ұлына ғашық болып, оған өзінің көңілдес болуын қалайтынын білдіреді. Патша баласы мұндай істі ар санап, әйелден басын алып қашып әлекке түседі. Жас тоқал мекерлікке барып, патшаға шағымданып, жігітке жала жабады. Патша баласын өлтіртпекші болады. Қиссада патшаны райынан қайтару, баланы ақтау, әділдіктің орнауы мен ақиқатқа көз жеткізудің ауқымында бірталай уақыт өтетінін, патшаға да, баласына да дұрыс шешімге жетудің барлық кезеңде ой елегінен өткізілуге себепкер әңгімелер топтастырылған. «Бір қыздың оқиғасы» соның бір бөлігі.

Нәтижелер

А. Турабаевтың нұсқасында, бұл оқиға қартайған әкенің үш ұлына айтқан өсиетіне жауап ретінде берілген.

Өлер шағында, өзінің сақтаған алтын, жауһарын тең бөліп алуларын айтып, дүние салады. Үшеуі ата сөзін мақұл көріп, жаухарды қазып алмақшы болғанда қазына орнында жоқ болып шығады. Сөйтіп олар қазыға барғанда, қазы осы «Бір қыздың уақиғасын» баяндайды.

Бұнда айттырылған қыз, өз күйеуін көрместен бұрын, бір замандасымен уағдаласады. Ол замандасына өзінің айттырған күйеуі бар екендігін, неке аттамай қиянат жасамауды «Кетерлік нөқта емеспін, ат басында» деген ұстанымын ескертіп қояды. Күндердің күнінде айттырған жігіт келеді, қызды алмақшы болып. Сол кезде қыз оған «Құдай қосқан адамымсың, Тар жерде ғзап тартсам қарармысың?», деп шарт қойып, «Алланың атын айтып уәде еткен» бір жігітпен уағдаласқанын жасырмай айтып, «Уағдам хилап болса не қыламын», – дейді. Күйеу жігіт «Уағда құдай аты, қиын болар, Күнінде таңда-машқар болса жиын», – екендігіне мойынсұнып, «Сен кімге обалыңды артар едің, Жек көрсең мұны маған айтар ма едің», – деп, қыздың еркін шектемей, уағдаласқан жігітімен сөйлесуге рұхсат етеді. Уәйіс ақынға сөз берейік:

Осындай бір мәселе сөз болыпты,
Бір күнде жауаптары тез болыпты.
Жігітке уағда айтқан келе жатып,
Ұрыға қыз бейшара кез болыпты.
Кез болды екі ұрыға сондай шақта,
Алланың жардамы көп көңілі аққа.
Киімін баға қойып айтып болмас,
Көйлегі мың теңгелік, інжу, қақба.
Сол қызға білгендерін істемек боп,
Екі ұры қам қылыпты тонамаққа
(Мұхамедханов, 2005, 8 т.: 34).

Қыз ұрыларға өзінің қорқып тұрғанын айтып, десе де барлық мән-жайды айтып береді. Күйеуінің рұхсатымен уағдаласқан жігітіне бара

жатқанын айтады. Ұрылар қызды аяп, еш зәбір қымай қоя береді. Бұны Уәйіс таңырқата жырлайды:

Алланың көз жетпейді әміріне,
Қарашы тілеуінің қабылына.
Құтылып екі ұрыдан аман-есен,
Келіпті уағда айтқан тамырына.

... Күйеуі мен ұрыға жолыққанын,
Жасырмай бәрін айтты бастан-аяқ.

Қыз ақ адал күйеуінің жарлық бергенін, залым ұрының да тілеулес болғанын баяндай келіп, хақ дінді сізге уағдам үшін келіп тұрмын дегенді айтады. Міне, сол кезде уағдаласқан жігіттің ««Кеңшілік ұры құрлы бермеген соң, Оңдырмас қайда барсам мені құдай», – деп көңілінде ешқандай шұбаһа жоғын айтып, «Бара ғой құдай қосқан адалыңа», деп ырзашылығын беріп қызды аттандырады. Уәйіс Шондыбайұлы қызды аман-есен күйеуіне жеткізіп, Қайсысы адал? Қайсысы кең? – деп тамамдайды. Ал негізгі түпнұсқа мазмұнында осы оқиғаны айттырған қазы үш ұлдың жауабы арқылы ұрыны табады. Мұндағы:

Үш бала тыңдаңыз, бізге келген,
Қайсысы маруартты мұның енді?
Бұған да сіздер төре берің енді,
Бір риуаят сіздерден болса керек.

Үлкен ұл – қызды сүйген жігітіне жіберген айттырған күйеуінің маруарт екендігін, ортаншы ұл – уағда қылған мұратына сабыр берген сүйген, уағдаласқан жігітті маруарт дейді. Кіші ұл – маруарттықты қызға еш зарар келтірмей жігітіне жеткізген ұрыға қияды. Міне, сол кезде қазы алтын, жауһардың осы кіші ұлда екендігін дәлелдеп береді. Өйткені, – дейді, әркім өз ойынан хабар беретініне мән беретін қазы, – сен ұрыға дәлелші болдың деп нүкте қойған екен.

Уәйіс Шондыбайұлының «Бір

қыздың уақиғасынан» өзге «Иванушка-дурачок», «Жошы – Алаша Хан», «Тәуке – Жікібай» дастандары, «Тартыстың табысы» поэмасы бар. Уәйіс ескіше сауатты болғандықтан, жақындары «Молда аға» деп атап кеткен.

Қорытынды

Біз Абайдың ақын шәкірттерінің публицистикасын зерделеу барысында ақынның көптеген шәкірттерінің қомақты дүниелері бар екендігіне көзіміз жетті. Сұғына зерттеуді қажет ететін, Уәйіс Шондыбайұлының шығармашылығы бірнеше бағытта жеке зерттеуге азық болатындығын айта кеткіміз келеді. Біріншіден, Уәйіс Хакім Абайдың сегіз қырлы, бір сырлы шәкірті. Ол әнші, композитор, жырау, айтыскер, бірнеше тілді меңгерген сауатты адам. Қисса-дастандардан бөлек, халық арасына кеңінен тараған «Перуайым», «Шұбартау» және т.б. әндері бар. Екіншіден – Уәйіс жыршы. Жыршылығы жөнінде Ә. Марғұланның «Ежелгі жыр, аңыздар» деген кітабында мынадай жолдар бар: «Жанақ жырлаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын Абай мен оның балалары аса қадірлеген, бұл вариантты жырлаған ақындар Бейсембай, Совет дәуірінде жырлаған Керей Уәйіс ақын» (Марғұлан, 1985). Бұл ақындардың атын М. Әуезов «Абай жолы» романында «Абайдың сәлемімен, осы соңғы жылдарда «ақын» деген атағы шыққан Керей Уәйіс, Топайдан Бейсенбай деген ақындар келіпті. Түстен бері осы қонақтар Абайдың үйіне келіп, сәлем берісіп, түстік астан, күндізгі шәйдан ішті. Отаулар, қонақ үйлер, көрші үйлердің қазіргі жататын орындарын анықтасты», – деп атап өткен. Уәйіс Абайға ұнаған ақын екендігін Төлеу Көбдіков те Қайым Мұхамедхановқа айтқан екен.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Абай ақындығының айналасы. // Әдебиет майданы, 1934.
2. Әуезов М. Абай шәкірттері туралы. 1950 жылғы мақаласы.
3. Ауэзов М. Абай. Москва, Советский писатель, 1945. 395 с.
4. Әдебиет порталы. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/13705>.
5. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: Фолиант, 2004. Т. 8: Хикаялық дастандар. 2004. 428 б.
6. Қырық уәзір әңгіме. ОҒК, Ш:327, 1-дәптер.
7. Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. Алматы: Рауан. 1997. 112 б.
8. Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. Монография. Алматы: Өнер, 2010. 344 б.
9. Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. Семей. 1995.
10. Мұхамедханов Қ. 4 том. Алматы: Алаш, 2005. 34 б.
11. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. 1985.

References

1. Áýezov M. Abai aqyndygynyń ainalasy. // Ádebiet maidany, 1934. [in Kazakh]
2. Áýezov M. Abai shákirtteri týraly. 1950 jylgy maqalasy. [in Kazakh]
3. Aýezov M. Abai. Moskva, Sovetskii pisatel, 1945. 395 s. [in Russian]
4. Ádebiet portaly. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/13705>. [in Kazakh]
5. Babalar sózi: Júz tomdyq. –Astana: Foliant, 2004. T. 8: Hikailyq dastandar. 2004. 428 b. [in Kazakh]
6. Qyryq ýázir ángime. OǴK, Sh:327, 1-dápter. [in Kazakh]
7. Qyraýbaeva A. Shygystyq qissa-dastandar. –Almaty: Raýan. 1997. 112 b. [in Kazakh]
8. Qyraýbaeva A. Shygystyq qissa-dastandar. Monografiya. –Almaty: Óner, 2010. 344 b. [in Kazakh]
9. Muhamedhanov Q. Abaidyń aqyn shákirtteri. Semey. 1995. [in Kazakh]
10. Mukhamedkhanov K. 4 tomis. Almaty: Alash, 2005. 34 p. [in Kazakh]
11. Margulan A. Carminum veterum fabulae. 1985. [in Kazakh]

Шауенова Г.А.¹

¹Национальный музей Республики Казахстан

г. Астана, Казахстан

¹e-mail: gulzabira_72@mail.ru

ЖАНРОВЫЕ ЧЕРТЫ И ОСОБЕННОСТИ ПУБЛИЦИСТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧЕНИКОВ АБАЯ

Аннотация. В истории казахской письменной литературы XIX века «Литературная школа Абая» стала отражением культурно-исторического развития казахского народа. Как известно, ученики школы Абая остались в истории как люди, внесшие вклад в развитие духовной культуры казахского народа. Данная статья посвящена деятельности последователей Абая и изучению их публицистических произведений. По наставлениям Абая и под его началом были проведены литературные обзоры нескольких эпических поэм, так называемых кисса-дастанов. Даны материалы о творчестве и жизни одного из талантливых учеников Абая – певца, композитора, жырау, айтыскера Уайиса Шондыбайулы. Был проведен литературный анализ идейного содержания и художественного характера дастана У. Шондыбайулы «Бір қыздың уақиғасы». Также определены жанровые черты и основные особенности публицистического творчества учеников Абая. В статье представлены труды М.Ауэзова и научные исследования казахских ученых-абаеведов.

Ключевые слова: поэт, ученик, кисса, Тотынама, «Тысяча и одна ночь», противоречие, мучение, клятва.

Shauenova G.A.¹

¹National Museum of the Republic of Kazakhstan

Astana, Kazakhstan

¹e-mail: gulzabira_72@mail.ru

THE GENRE NATURE AND FEATURES OF THE PUBLICISTIC WORK OF ABAY'S DISCIPLES

Abstract. In the history of Kazakh written literature of the XIX century, the "Literary School of Abay" became a reflection of the cultural and historical development of the Kazakh people. The disciples of the Abay's school have remained in history as people who contributed to the development of the spiritual culture of the Kazakh people. This article is devoted to the activities of Abay's followers and their publicistic works are studied. According to Abay's instructions and under his leadership, literary reviews of several epic poems, the so-called kissa-dastans, were conducted. The material about the work and life of one of the talented students of Abay, akin, composer, zhyrau, singer Uais Shondybayuly. The literary analysis of idolatry and artistic character of the saga U. Shondybayuly "Bir kyzydyn uakigasy" was conducted. Genre nature and the main features of the publicistic activity of Abay's students are also identified. The article presents the works of M.Auezov

and scientific research of Kazakh Abayologists.

Keywords: poet, disciple, kissa, Totynama, "One Thousand and one nights", contradiction, anguish, vow.

Автор туралы мәлімет:

Шауенова Гүлзабира Әбікенқызы, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Мәдени мұраны ғылыми зерттеу институтының ғылыми қызметкері, PhD доктор.

Сведения об авторе:

Шауенова Гулзабира Абикенкызы, Национальный музей Респубики Казахстан, научный сотрудник Научно-исследовательского института культурного наследия, PhD доктор.

Information about the author:

Shauenova Gulzabira Abikenkyzy, National Museum of the Republic of Kazakhstan, researcher at the Research Institute of Cultural Heritage, PhD